


ЖАНҒАРА ДӘДЕБАЕВ, Абай институтының директоры

Жанғара Дәдебаев - әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жоғары мектеп Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ Білім академиясының, Халықаралық Айтматов академиясының, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының толық мүшесі, абайтану ғылымының дамуына жеке үлес қосқан ғалым. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның құрметті жазушысы.

Ж. Дәдебаев - мыңнан аса еңбектердің авторы, олардың қатарында қырықтан астам монографиялар мен оқу құралдары, жинақтар бар. Еңбектері Ресейде, Түркияда, Қытайда, ТМД елдерінде, СКОПУС базасында тіркелген ғылыми басылымдарда жарияланған. Абайдың өмірі мен шығармашылығы бойынша бірнеше ғылым кандидаттары мен докторларын даярлады.


Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімі туралы Ж. Дәдебаев көптеген ғылыми еңбектер, монографиялық зерттеулер жариялады.




Еңбек жолының басты кезеңдері: 1968-1970 жылдары ауыл мектебінің бастауыш сынып мұғалімі. 1970-1975 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті. 1975-1977 жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында лаборант, 1977-1991 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ассистент, аспирант, аға оқытушы, доцент, докторант

(АҒҚ), 1991-1992 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтының директоры, 1992-2001 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, декан, 2001-2008 жылдары оқу ісі жөніндегі проректор, 2009-2025 жылдары кафедра меңгерушісі, профессор, Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры.


Дәдебаев Ж. Абай ілімі. Талдаулар, ойлар мен толғаныстар. Ғылыми еңбек. – Алматы: «Алгоритм», 2023. – 318 бет.



Дәдебаев Ж. Абайдың шығармашылық даралығы. Ойлар, толғаныстар, талдаулар / Жанғара Дәдебаев. – Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021. – 307 б.





Дәдебаев Ж. Абай ілімі: оқу құралы / Жанғара Дәдебаев / Жауапты ред. Д. Ысқақұлы; басп. Дайын. Л. Мұсалы, Б. Даутова, Г. Ыбырайқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 268 б.



Абай. Таңдамалы даналық сөздер / Құрастырған, жалпы ред. басқарған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 96 бет.

Абайдың кісілік кодексі / Құрастырған, жалпы ред. басқарған Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 8 бет.




Ж. Дәдебаев Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен ілімі бойынша ҚР ҒЖБ министрлігі Ғылым комитеті

қаржыландырған екі ғылыми жобаға жетекшілік жасады, бірнеше ғылыми жобаға орындаушы болып қатысты. Ол басшылық жасаған зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» атты көп томдық серия ашылды, 2015-2022 жылдары оның басшылығымен және жалпы редакциясын басқаруымен осы аталған серияның бастапқы 50 томы, «Абайтану антологиясы» ғылыми басылымының он томы Ж.Қ. Түймебаевтың бас редакторлығымен дайындалып, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрді. Сондай-ақ «Абай институтының еңбектері», «Абай институтының е-басылымдары» атауларымен көп томдық сериялық басылымдар шыға бастады. Қазіргі шақта аталған сериялық басылымдардың отыздан астам кітаптары жарияланды.

Абай институтында институт директоры, профессор Ж. Дәдебаевтың басшылығымен және тікелей қатысуымен қол жеткен жетістіктер қатарында аса өзекті тағы бірнеше нәтижені арнайы атап өту орынды. Олардың *бірі* – «Абайдың кісілік кодексі». Ол он тоғыз баптан тұрады. Бірнеше форматта дайындалып, жарияланды. Абайдың «Кісілік кодексі» – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобалары бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде орындалған іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің адамзаттық мәні бар интеллектуалдық құндылығы. Ж. Дәдебаевтың ғылыми зерттеулерінің *келесі өзекті нәтижесі* – «Абай ілімі» оқу пәні.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымы. Томдар: 1-50



«Абай ілімі» оқу пәні әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде жоғары оқу орнының таңдау пәні ретінде 2021–2022 оқу жылынан бастап оқытылып келеді, сараптаудан толық өтті. Пән ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 3979/ГФ4 «Абайдың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» (2015-2017) және АР08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» (2020–2022) атты гранттық ғылыми жобаларын орындау нәтижелері негізінде дайындалып, оқу үдерісіне енгізілді.

«Абайтану антологиясы» сериялық басылымы



- «АБАЙТАНУ АНТОЛОГИЯСЫ. ОН ТОМДЫҚ» («Қазақ университеті» баспасы, 2021 ж.);



Үшінші нәтиже - «Абайтану антологиясы» ашық интеллектуалдық е-ресурстар базасы. Абай институтының көптомдық сериялық басылымдары негізінде университеттің интеллектуалдық е-ресурстар базасы ретінде университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен ашылып, Фараби кітапханасының порталында орналастырылған бұл база қоғамның зияткерлік әлеуетінің артуына қызмет етеді. Тұтынушыларға қол жетімді.

Төртінші өзекті нәтиже – «Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның жыл сайын өткізілетін ғылыми пікір алмасу форуымына айналуы.

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер (Томдар: 1-50), Ж.Қ. Түймебаевтың бас редакторлығымен жарық көрген «Абайтану антологиясы» сериялық басылымы (Томдар: 1-10), «Абай институтының еңбектері» сериялық басылымы (Кітаптар: 1-35), «Абай институтының е-басылымдары» сериялық басылымы (кітаптар: 1-11) негізінде ашылған «Абайтану антологиясы» интеллектуалдық е-ресурстар базасы, «Абай ілімі» оқу пәні, «Абайдың Кісілік кодексі», «Абайдың таксономиясы» - әл-

Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің адамзаттың бәрі үшін мәні зор интеллектуалдық құндылықтары.

«Абай ілімі» оқу пәнін Қазақстан жоғары оқу орындарында жоғары білім беру бағдарламаларының жалпы білім беретін пәндері қатарында міндетті оқу пәні ретінде оқытудың бүкілхалықтық маңызы бар.

Ж. Дәдебаев 2009 жылдан бері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры бола жүріп, институттың негізін қалады. Абай институты Ж. Дәдебаевтың басшылығымен түрлі белестерден өтті, Абайдың шығармашылығын қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларының тоғысында пәнаралық жүйеде іргелі зерттейтін зияткерлік әлеуеті қуатты ғылыми-зерттеу орталығына айналды.



Ж. Дәдебаев өзінің белсенді ғылыми-шығармашылық еңбегінің инновациялық мол өнімімен, іргелі зерттеу жұмыстарының нәтижелерін инновациялық оқу пәні форматында оқу үдерісіне енгізуімен, Абай ілімін ұдайы насихаттауымен абайтану ғылымының, ұлттық руханияттың дамуына, ұлттық университеттің зияткерлік әлеуетінің нығаюына, қоғамдық сананың жаңғыруына зор үлес қосты. Ол – абайтану ғылымында тікелей өз зерттеулері, ұжымдық ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ осы ғылыми жұмыстарға басшылық жасау арқылы жоғары мектеп ғылымын жаңа жетістіктермен байытқан көрнекті ғалым. Ғалымның зерттеулерінде мәдени-әлеуметтік маңызы жоғары аса ірі ғылыми мәселелер шешімін тапқан.

Ж. Дәдебаев Қазақстанның рухани және интеллектуалдық әлеуетінің артуына, қазақ әдебиеттануының тарихы мен теориясының, әдеби сынның, абайтану ғылымының дамуына лайықты еңбек сіңірді.

Профессор Ж. Дәдебаевтың басты еңбектері:
<https://abainst.kz/?p=6830>

Алма Кенжеқожаева,
Абай ғылыми-зерттеу институтының
докторанты
02.09.2025